

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті төрағасының кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті Төрағасының 2022 жылғы 10 қазандағы № 27-5/252-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 12 қазанда № 30109 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті Төрағасының м.а. 2024 жылғы 2 қазандағы № 233 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті Төрағасының м.а. 02.10.2024 № 233 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті төрағасының "Өзінің қарауындағы заңды тұлға мәртебесі бар Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар көрсететін қызметтер үшін тарифтердің мөлшерін бекіту туралы" 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 27-5-6/253 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22009 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Алматы мемлекеттік табиғи қорығы" республикалық мемлекеттік мекемесі ұсынатын қызметтер тарифтерінің мөлшерлерінде:

1 және 3-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

1	Аумақтарды санитариялық тазарту және абаттандыру бойынша қызметтер, жеке тұлғалар үшін бір адамға бір күнге шаққанда: 1) Қазақстан Республикасы азаматтары;	420 1200 300
---	--	--------------------

	2) шетелдіктер; 3) студенттер; 4) мектеп жасындағы балалар; 5) мүгедектігі бар адамдар және мектеп жасына дейінгі балалар үшін	200 0
3	Табиғат мұражайында болу кезінде қызмет көрсету, бір адамға бір күнге шаққанда: 1) ересек азаматтар; 2) студенттер; 3) мектеп жасындағы балалар; 4) мүгедектігі бар адамдар және мектеп жасына дейінгі балалар үшін	250 200 100 0

".
;

2) көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Ақсу-Жабағылы" мемлекеттік табиғи қорығы" республикалық мемлекеттік мекемесі ұсынатын қызметтер тарифтерінің мөлшерлерінде:

1 және 4-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

1	Аумақтарды санитариялық тазарту және абаттандыру бойынша қызметтер жеке тұлғалар үшін бір адамға бір күнге шаққанда: 1) Қазақстан Республикасы азаматтары; 2) шетелдіктер; 3) студенттер; 4) мектеп жасындағы балалар; 5) мүгедектігі бар адамдар және мектеп жасына дейінгі балалар үшін	420 1200 300 200 0
4	Табиғат мұражайында болу кезінде қызмет көрсету, бір адамға бір күнге шаққанда: 1) ересек азаматтар; 2) студенттер; 3) мектеп жасындағы балалар; 4) мүгедектігі бар адамдар және мектеп жасына дейінгі балалар үшін	250 200 100 0

".
;

3) көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және

жануарлар дүниесі комитетінің "Батыс Алтай" мемлекеттік табиғи қорығы" республикалық мемлекеттік мекемесі ұсынатын қызметтер тарифтерінің мөлшерлерінде:

1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

1	Аумақтарды санитариялық тазарту және абаттандыру бойынша қызметтер жеке тұлғалар үшін бір адамға бір күнге шаққанда:	1500
	1) ересек азаматтар;	1100
	2) студенттер;	750
	3) мектеп жасындағы балалар;	0
	4) мүгедектігі бар адамдар және мектеп жасына дейінгі балалар үшін	

";

4) көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Қорғалжын" мемлекеттік табиғи қорығы" республикалық мемлекеттік мекемесі ұсынатын қызметтер тарифтерінің мөлшерлерінде:

1 және 10-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

1	Мәдени-тұрмыстық мақсаттағы объектілер ("Сапар-орталығында") болу кезінде қызмет ұсыну, бір адамға бір рет болуға:	400
	1) ересек азаматтар;	300
	2) студенттер;	200
	3) мектеп жасындағы балалар;	0
	4) мүгедектігі бар адамдар мен мектеп жасына дейінгі балалар үшін	
10	Тұру үшін мәдени-тұрмыстық мақсаттағы объектілерді (шағын тұрғын үйлер) ұсыну, бір адамға бір тәулікке шаққанда:	2000
	1) ересек азаматтар;	1500
	2) студенттер;	1000
	3) мектеп жасындағы балалар;	0
	4) мүгедектігі бар адамдар мен мектеп жасына дейінгі балалар үшін	

";

5) көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Марқакөл" мемлекеттік табиғи қорығы" республикалық мемлекеттік мекемесі ұсынатын қызметтер тарифтерінің мөлшерлерінде:

1 және 4-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

1	Аумақтарды санитариялық тазарту және абаттандыру бойынша қызметтер жеке тұлғалар үшін бір адамға бір күнге шаққанда: 1) ересек азаматтар; 2) студенттер; 3) мектеп жасындағы балалар; 4) мүгедектігі бар адамдар және мектеп жасына дейінгі балалар үшін	1000 750 500 0
4	Қонақүй номерлерін ұсыну, бір адамға тәулігіне шаққанда 1) ересек азаматтар; 2) студенттер; 3) мектеп жасындағы балалар; 4) мүгедектігі бар адамдар және мектеп жасына дейінгі балалар үшін	1000 750 500 0
5	Табиғат мұражайында болу кезінде экскурсия жүргізуші қызметін ұсыну, бір адамға бір сағатқа шаққанда 1) ересек азаматтар; 2) студенттер; 3) мектеп жасындағы балалар; 4) мүгедектігі бар адамдар және мектеп жасына дейінгі балалар үшін	600 450 300 0

".

6) көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Наурызым мемлекеттік табиғи қорығы" республикалық мемлекеттік мекемесі ұсынатын қызметтер тарифтерінің мөлшерлерінде:

1 және 8-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

	Аумақтарды санитариялық тазарту және абаттандыру	
--	--	--

1	бойынша қызметтер жеке тұлғалар үшін бір адамға бір күнге шаққанда: 1) ересек азаматтар; 2) студенттер; 3) мектеп жасындағы балалар; 4) мүгедектігі бар адамдар және мектеп жасына дейінгі балалар үшін	400 300 200 0
8	Мәдени-тұрмыстық мақсаттағы объектілерге (сапар орталығына) бару кезінде қызметтер көрсету, бір рет баруға бір адамға шаққанда: 1) ересек азаматтар; 2) студенттер; 3) мектеп жасындағы балалар; 4) мүгедектігі бар адамдар және мектеп жасына дейінгі балалар үшін	400 300 200 0

".
;

7) көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы" республикалық мемлекеттік мекемесі ұсынатын қызметтер тарифтерінің мөлшерлерінде:

1 және 2-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

1	Аумақтарды санитариялық тазарту және абаттандыру бойынша қызметтер, жеке тұлғалар үшін бір адамға бір күнге шаққанда: 1) ересек азаматтар; 2) студенттер; 3) мектеп жасындағы балалар; 4) мүгедектігі бар адамдар және мектеп жасына дейінгі балалар үшін	1500 1100 750 0
2	Табиғат мұражайында болу кезінде экскурсия жүргізуші ұсыну, бір адамға күніне шаққанда: 1) ересек азаматтар; 2) студенттер; 3) мектеп жасындағы балалар; 4) мүгедектігі бар адамдар және мектеп жасына дейінгі балалар үшін	1500 1100 750 0

";

8) көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы" республикалық мемлекеттік мекемесі ұсынатын қызметтер тарифтерінің мөлшерлерінде:

1 жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

1	Аумақтарды санитариялық тазарту және абаттандыру бойынша қызметтер, жеке тұлғалар үшін бір адамға бір күнге шаққанда:	600
	1) ересек азаматтар;	450
	2) студенттер;	300
	3) мектеп жасындағы балалар;	0
	4) мүгедектігі бар адамдар және мектеп жасына дейінгі балалар үшін	

";

9) көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесі ұсынатын қызметтер тарифтерінің мөлшерлерінде:

1 жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

1	Аумақтарды санитариялық тазарту және абаттандыру бойынша қызметтер, жеке тұлғалар үшін бір адамға бір күнге шаққанда:	400
	1) ересек азаматтар;	300
	2) студенттер;	200
	3) мектеп жасындағы балалар;	0
	4) мүгедектігі бар адамдар және мектеп жасына дейінгі балалар үшін	

";

10) көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Көкшетау" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесі ұсынатын қызметтер тарифтерінің мөлшерлерінде:

1 және 12 жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

1	Туристік соқпақтар, тамашалау алаңдарын, демалу алаңқайларын ұсыну, жеке тұлғаларға бір адамға бір күнге шаққанда: 1) ересек азаматтар; 2) студенттер; 3) мектеп жасындағы балалар; 4) мүгедектігі бар адамдар және мектеп жасына дейінгі балалар үшін	500 400 250 0
12	Мәдени-тұрмыстық мақсаттағы "Сапар орталығына" – табиғат мұражайына барған кезде қызмет көрсету, бір адам сағатына шаққанда: 1) ересек азаматтар; 2) студенттер; 3) мектеп жасындағы балалар; 4) мүгедектігі бар адамдар және мектеп жасына дейінгі балалар үшін	300 200 150 0

";

11) көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесі ұсынатын қызметтер тарифтерінің мөлшерлерінде:

5, 7 және 8-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

5	Мәдени-тұрмыстық мақсаттағы объектілер (кигіз үй) ұсыну (қызмет көрсетусіз) тәулігіне: 1) ересек азаматтар; 2) студенттер; 3) мектеп жасындағы балалар; 4) мүгедектігі бар адамдар және мектеп жасына дейінгі балалар үшін	2145 1600 1070 0
7	Мемлекеттік табиғи-қорық қоры, табиғи және тарихи-мәдени мұра объектілерінде болу және оларды зерделеу кезінде жолсерік-инспектор қызметін ұсыну, жиырма адамға дейін бір топқа күніне: 1) ересек азаматтар;	3000 2250

	2) студенттер; 3) мектеп жасындағы балалар; 4) мүгедектігі бар адамдар және мектеп жасына дейінгі балалар	1500 0
8	Мәдени-тұрмыстық мақсаттағы объектіде (Сапар-орталығында) болу кезінде қызметтер ұсыну, бір рет келгенде бір адамға шаққанда: 1) ересек азаматтар; 2) студенттер; 3) мектеп жасындағы балалар; 4) мүгедектігі бар адамдар және мектеп жасына дейінгі балалар үшін	300 200 150 0

";

12) көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Алтын Емел" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесі ұсынатын қызметтер тарифтерінің мөлшерлерінде:

1 жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

1	Аумақтарды санитариялық тазарту және абаттандыру бойынша қызметтер, жеке тұлғаларға бір адамға бір күнге шаққанда: 1) ересек азаматтар; 2) студенттер; 3) мектеп жасындағы балалар; 4) мүгедектігі бар адамдар және мектеп жасына дейінгі балалар үшін	800 600 400 0
---	--	------------------------

";

13) көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Қатонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесі ұсынатын қызметтер тарифтерінің мөлшерлерінде:

1 және 2 жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

	Аумақтарды санитариялық тазарту және абаттандыру бойынша қызметтер, жеке тұлғаларға бір адамға бір күнге шаққанда:	358
--	--	-----

1	1) ересек азаматтар;	270
	2) студенттер;	180
	3) мектеп жасындағы балалар;	0
	4) мүгедектігі бар адамдар және мектеп жасына дейінгі балалар үшін	
2	Қонақүй номерін ұсыну, бір адамға тәулігіне шаққанда:	
	1) ересек азаматтар;	3291
	2) студенттер;	2500
	3) мектеп жасындағы балалар;	1600
	4) мүгедектігі бар адамдар және мектеп жасына дейінгі балалар үшін	0

”;

14) көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесі ұсынатын қызметтер тарифтерінің мөлшерлерінде:

1 жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

1	Аумақтарды санитариялық тазарту және абаттандыру бойынша қызметтер, жеке тұлғаларға бір адамға бір күнге шаққанда:	500
	1) ересек азаматтар;	375
	2) студенттер;	250
	3) мектеп жасындағы балалар;	0
	4) мүгедектігі бар адамдар және мектеп жасына дейінгі балалар үшін	

”;

15) көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Көлсай көлдері" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесі ұсынатын қызметтер тарифтерінің мөлшерлерінде:

1 жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

	Аумақтарды санитариялық тазарту және абаттандыру бойынша қызметтер, жеке тұлғаларға бір адамға бір күнге шаққанда:	500
--	--	-----

1	1) ересек азаматтар;	375
	2) студенттер;	250
	3) мектеп жасындағы балалар;	0
	4) мүгедектігі бар адамдар және мектеп жасына дейінгі балалар үшін	

".
;

16) көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Жоңғар Алатауы" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесі ұсынатын қызметтер тарифтерінің мөлшерлерінде:

1 жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

1	Аумақтарды санитариялық тазарту және абаттандыру бойынша қызметтер, жеке тұлғаларға бір адамға бір күнге шаққанда:	500
	1) ересек азаматтар;	375
	2) студенттер;	250
	3) мектеп жасындағы балалар;	0
	4) мүгедектігі бар адамдар және мектеп жасына дейінгі балалар үшін	

".

2. "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесінің жеке және заңды тұлғаларға ұсынылатын қызметтері үшін тарифтер мөлшерлерін бекіту туралы" 2016 жылғы 22 қарашадағы № 263 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14540 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесінің жеке және заңды тұлғаларға көрсететін қызметтер үшін тарифтердің мөлшері бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар басқармасы заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрлігі
Орман шаруашылығы және
жануарлар дүниесі комитетінің төрағасы

Н. Кылышбаев

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрлігі
Орман шаруашылығы және
жануарлар дүниесі комитетінің
төрағасы
2022 жылғы 10 қазандағы
№ 27-5/252-НҚ Бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы
министрлігі Орман
шаруашылығы және жануарлар
дүниесі комитеті төрағасының
міндетін атқарушысының
2016 жылғы 22 қарашадағы
№ 263 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесінің жеке және заңды тұлғаларға ұсынылатын қызметтері үшін тарифтер мөлшерлері

№	Жеке және заңды тұлғаларға ұсынылатын қызметтердің атауы	Қызметтер үшін тарифтер, (теңге)
1	2	3
1	Жабдыкталған туристік соқпақтар, тамашалау алаңқайларын, дамылдау алаңқайларын 1 (бір) адамға 1 (бір) күнге есептеп ұсыну	250
2	Шатырлы лагерьлерді немесе оларды орналастыруға арналған орындарды 1 (бір) шаршы метрін 1 (бір) күнге ұсыну	2
3	Көліктеріне арналған тұрақтарды 1 (бір) орын есебінен, тәулігіне ұсыну, олар: Жеңіл көліктер	108

	Автобустар Жүк көліктері	216 270
4	Мемлекеттік табиғи-қорық қоры, табиғи және тарихи-мәдени мұра объектілерінде болу және зерделеу кезінде 20 адамға дейінгі 1 (бір) топқа күніне мынадай қызметтерді ұсыну: аудармашы: экскурсия жүргізуші:	2 553 1 285
5	Ұлттық парктің ерекше қорғалатын табиғи аумағында орналасқан демалыс аймағының объектілерінен нәжіс тасып әкету бойынша бір рейстің қызметін ұсыну	10 726
6	Пайдалануға берілген аумақтар және объектілерді санитариялық тазалау және абаттандыру бойынша қызметтер	300
7	Ұлттық парктің ерекше қорғалатын табиғи аумағында орналасқан демалыс аймағының объектілерінен қоқыс шығару бойынша бір рейстің қызметін ұсыну	8 828
8	Атты жалға берудің бір адамнан 1 (бір) сағат есебінен ақылы қызметін ұсыну,	1 135
9	Туристік, рекреациялық және шектеулі шаруашылық мақсаттарда жеке және заңды тұлғалармен жасалатын бірлескен қызмет туралы шарттар бойынша қызмет көрсету	шарттарға сәйкес
10	Ұлттық парктің аумағында табиғи-қорық қорының объектілерін сақтау және оларды қалпына келтіруге байланысты емес ғылыми зерттеулер жүргізу	шарттарға сәйкес
11	"Жасыбай" демалыс аймағы – "Кемпіртас" жартасы - құрама (жаяу-автомобильдік) бағытпен күніне 1 топ (25 адам) есебінен № 1 туристік бағыты бойымен жүріп өту	8 345
12	"Жасыбай" демалыс аймағы – "Қоңыр әулие" үңгірі - күніне 1 топ (25 адам) есебінен № 2 туристік бағыты бойымен жүріп өту	2 571

13	"Жасыбай" демалыс аймағы – "Ботаникалық соқпағы" - 1 топ (25 адам) 4 сағат есебінен № 3 туристік бағыты бойымен жүріп өту,	1 285
14	"Жасыбай" демалыс аймағы - Баянауыл ауылы – "Жасыбай батыр" зираты - 1 топ (25 адам) 4 сағат есебінен № 4 туристік бағыты бойымен жүріп өту	1 285
15	"Сабындыкөл" демалыс аймағы – "Жасыбай батыр" зираты - күніне 1 топ (25 адам) есебінен № 5 туристік бағыты бойымен жүріп өту	2 571
16	"Жасыбай" демалыс аймағы – "Көгершін" жартасы - күніне 1 топ (25 адам) есебінен № 6 туристік бағыты бойымен жүріп өту	2 571
17	"Жасыбай" демалыс аймағы - "Туристер жазбалары" жартасы - 1 топ (25 адам) 3 сағат есебінен № 7 туристік бағыты бойымен жүріп өту,	964
18	"Жасыбай" демалыс аймағы - "Кең алаң" алаңқайы - күніне 1 топ (25 адам) есебінен № 8 туристік бағыты бойымен жүріп өту	2 571
19	"Сабындыкөл" демалыс аймағы – "Торайғыр" демалыс аймағы - күніне 1 топ (25 адам) есебінен № 9 туристік бағыты бойымен жүріп өту	13 705
20	"Жасыбай" демалыс аймағы – "Торайғыр" демалыс аймағы - күніне 1 топ (25 адам) есебінен № 10 туристік бағыты бойымен жүріп өту	9 621
21	"Жасыбай" демалыс аймағы – "Қоңыр әулие" үңгірі - күніне 1 топ (25 адам) есебінен № 11 туристік бағыты бойымен жүріп өту	8 770
22	"Жасыбай" демалыс аймағы - Баянауыл ауылы - күніне 1 топ (25 адам) есебінен № 12 туристік бағыты бойымен жүріп өту	11 238
23	"Жасыбай" демалыс аймағы – "Мәшһүр Жүсіп Көпеев" кесенесі күніне 1 топ (25 адам) есебінен № 13 туристік бағыты бойымен жүріп өту	14 513

24	Мәдени-ағарту, туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру кезінде қармақпен спорттық-әуесқойлық балық аулауды ұйымдастыру бойынша ақылы қызметтер ұсыну (күніне 1 адамға шаққанда 5 кг ауланымнан және 5 қармақтан аспауы керек)	168
25	Трактор қызметін 1 (бір) сағат есебінен ұсыну,	1 738
26	Жүк көтергіштігі 6 тоннадан аспайтын жүк автомобилінің қызметін 1 (бір) километр қашықтыққа шаққанда есебінен ұсыну: жанар-жағармай материалдарын есепке ала отырып: жанар-жағармай материалдарын есепке алмай:	83 35
27	Жүк көтергіштігі 4,5 тоннадан аспайтын жүк автомобилінің қызметін 1 (бір) километр қашықтыққа шаққанда есебінен ұсыну: жанар-жағармай материалдарын есепке ала отырып: жанар-жағармай материалдарын есепке алмай:	70 32
28	Микроавтобус (11 орындық) қызметін, 1 (бір) километр қашықтыққа шаққанда есебінен ұсыну: жанар-жағармай материалдарын есепке ала отырып: жанар-жағармай материалдарын есепке алмай:	123 97
29	Адам тасымалдау бойынша қызметтер жанар-жағармай материалдары есепке ала отырып 1 (бір) километр қашықтыққа шаққанда есебінен ұсыну:	187
30	Микроавтобус (9 орындық) қызметін 1 (бір) километр қашықтыққа шаққанда есебінен ұсыну: жанар-жағармай материалдарын есепке ала отырып: жанар-жағармай материалдарын есепке алмай:	76 44
	Минералды жолақтардың бойында және шабындық жерлерде пішен	

31	шабу жөнінде қызметтер 1 (бір) тонна есебінен ұсыну	5 833,97
32	Мәдени-тұрмыстық (бұқаралық) мақсат саласында қызмет (би алаңы) күніне 1 (бір) адамға есебінен ұсыну	40
33	Ерекше қорғалатын табиғи аумақта жылына 1 (бір) гектарға шаққанда есебінен құбыр тарту, электр және байланыс желілерін орналастыру, жолдар (жалпы пайдаланылатын жолдардан басқа) салу жөнінде қызметтер ұсыну	365 973,2

Ескертпе: 1, 8-тармақтарда аталған қызметтер үшін мынадай жеңілдіктер қарастырылады:

мектеп жасына дейінгі балаларға - тегін;

мектеп жасындағы балаларға - 50 (елу) пайыз;

күндізгі оқу бөлімінің студенттеріне - 25 (жиырма бес) пайыз;

мүгедектігі бар адамдардан 1, 2, 3, 11-23 тармақтарда көрсетілген қызметтер үшін төлем алынбайды.